

**Орал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы № 3 "Орал қаласы бойынша 2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына толықтырулар туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 шілдедегі № 1596 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2010 жылғы 30 шілдеде № 7-1-190 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 320 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2011.02.17 № 320 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында, қала ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескеріп, қала әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Орал қаласы әкімдігінің "Орал қаласы бойынша 2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2010 жылғы 10 қаңтардағы № 3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-161 тіркелген, 2010 жылы 20 қаңтардағы "Жайық үні" газетінде № 3 жарияланған) қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1-қосымшасы "Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері" мынадай мазмұндағы реттік нөмерлері 83, 84, 85 жолдармен

толықтырылсын:

"83 "Қазақстан Республикасы Іс-қағаз 14952 теңге  
Қаржы Министрлігі қаржылық жүргізуші  
бақылау комитетінің Батыс  
Қазақстан облысы бойынша  
қаржылық бақылау инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесі;

84 "Орал қаласының ауыл Іс-қағаз 14952 теңге  
шаруашылығы бөлімі" жүргізуші  
мемлекеттік мекемесі;

85 "Жеке адам және Мансап" Іс-қағаз 14952 теңге  
Дамыту Орталығы қоғамдық жүргізуші,  
бірлестігі Ш а б а р м а н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген 2-қосымшасы "Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері" мынадай мазмұндағы реттік нөмері 34 жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"34 "Айнагүл" тұрғын үй Аумақты жинау, 10000 4952  
иелерінің кооперативі тазалау теңге теңге".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Р. Нығметовке жүктелсін.

*Қала әкімі*

*С. Оразов*